

КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА

(«Көркемөнер шеберлері» кітабынан, 1959 жыл)

Баласы бақытты елдің ұл мен қызы
Жібектей ширатылған жайнап жүзі.
Есейді өнер-білім құшағында,
Секілді жаңа туған таң жұлдызы –

деп, жыр атасы Жамбыл ақын айтқандай, Совет үкіметі тұсында талай тамаша дарынды талант иелері дүниеге келді. Солардың бірі – Күләш Байсейітова еді.

Ұлы Октябрь революциясының (алтын арай бақыт) таңы жарқырап атқан кезде Күләш бес жасар бала болатын. Сондықтан да ол: «Біз бақыт бесігіне бөлене тудық, есіміз кіріп, етек жеңімізді жинасымен-ақ өрге жүзіп, өнер-білім шыңына ұмтылдық, өйткені партия мен Үкіметтің аталық қамқорлығы бізді тап осыған үйретті», – дейтін еді.

Шынында да, туысымен Үкімет тәрбиесін көрген Күләш өнер-білім үйрену ісіне жасынан-ақ талаптана бастады, оның су толқынындай тасыған талантты жәгерін, өнер сүйгіш жалынды жүрек сезімін жақсы түсіне білген өзінің ата-анасы да әлпештеген Күләштің көркемөнер істеріне бейімделе өсуіне, өркендеуге үлкен жәрдемші болды.

Бала күнінде басқалардан үйренген әсем әндерін үйде отырып шырқағанда әкесі: «Шырағым, Күләшжан! Мүмкін келешекте көркемөнердің көрнекті бір шебері де боларсың, осыдан бастап шырқата бер әніңді», – деп оның көңілін көтеретін.

Алғыр ойлы, аса зерек Күләш оқып жүрген кезінде көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, көп алдында тартынбай ән айтуға төселе білді. Оның бұлбұлдай сайраған толқынды үнін тыңдағандар бүгінгі бақыт таңының таңдаулы жыршысы, талантты өнер иесі боларына күмәнсіз сенетін.

1930 жылы Мемлекеттік драма театрына әртіс болып кірген Күләш театрдың іргетасын қоса қадасып, бірге жасасып келе жатқан сахна шеберлері – Қалыбек, Елубай, Серке, Құрманбек, Қанабек, Парижде өткен бүкіл дүниежүзілік әншілер жарысында 2-бәйге алған, қазақ музыкасын әлемге таныстырған атақты әнші Әміре, ақын Иса сияқты сан алуан көркемөнер қайраткерлерімен қол ұстасып қызмет істеп, шебер әртістер қатарында шыңға көтерілді.

Алғашқы кезде театр сахнасында түрлі образдар жасап, шын кейіпкер бола алу жас әртіс Күләшке тым қиындау соқты, оның ұзақ ойланып, көп толғануына тура келді. Бірақ туғаннан бойына біткен күшті дарын мен жалынды жігер алдағы қиыншылықтарды жеңуге көмектесті.

Қазақстанда алғаш ұйымдасқан жас театр сахнасында Күләш драматург М.Әуезовтің сол кезде қойыла бастаған «Еңлік-Кебек» пьесасындағы Еңліктің

рөлін орындады. Театрға жиналған астана тұрғындары Күләштің алғашқы өнеріне өте риза болып, өнерпаздығын жоғары бағалады.

Осы айтылған Енліктің ролінде Күләш ертедегі қазақ қыздарының бастарынан кешкен ауыр азабын, сүйгеніне бара алмай, теңсіздік торына шырмалғанын, өмір оғейлігін көріп, өлуге де мәжбүр болғанын шынайы кейіпкерлікпен көрсете білді.

Сол күннен бастап Күләш театр сахнасының таңдаулы әртістері қатарына енді. Бірнеше жылдар бойы қойылған драмалық пьесаларда түрлі жауапты рөлдерді орындап, үлгілі образдар жасады. 1933 жылы ол астанамызда жаңадан ашылған музыка театрына ауысты.

Бұл театрда алғаш қойылған «Айман-Шолпан» операсындағы Айманның, «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің, «Ер Тарғын» операсындағы Ақжүністің рөлдерін ойдағыдай орындап, үлкен табыстарға жетті. Барлық рөлдерде Күләш оқиғалардың мәнін терең түсініп, ұмытылмас образдар жасады.

Опера сахнасында бірінші рет орындалған «Айман-Шолпандағы» Айманның рөлі өте сәтті болып шыққаннан кейін-ақ Күләштің шынайы образ жасаудағы терең ойы, өткір сезім хиялы көкке өрлеп шарықтады.

Сүймесе де сүйдіртіп, өзінің қара күшімен көндірмек болған Бекежанның озбырлық әрекетіне бой бермей, нақ сүйері Төлегенді өмірлік жар етуді көксеген Жібектің арманына жете алмай, арманда қаза тапқанын керемет кейіпкерлікпен көрсете білді.

Сондай-ақ, ескі әдет-ғұрып бойынша ата-анасының қырық жеті алып, қатын үстіне атастырған әрі бай, әрі болыс Сүтірге барғысы келмей, жарлы болса да арлы туған Елемеске көңіл қосқан Қадишаның «Жалбыр» операсындағы ерлік істерін мәнісінде көз алдына елестеткендей болды.

Күләш сахна шеберлігін жаңа ғана меңгеріп, өнер шыңына енді ғана шарықтап қанат қаққан кезінде әрі қиын, әрі қызықты үлкен сыннан өтуге тура келді. Ол 1936 жылы Отанымыздың астанасы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің онкүндік сынағына қатысты.

Май айының тамылжыған сәнді бір кеші. Үлкен театрдың залы лық толы халық. Қазақ көркемөнерінің жетістіктерін көруге жиналған астана тұрғындары сол күні қойылатын “Қыз Жібек” операсының басталуын асыға күтті. Бір кезде Үкімет басшылары да келіп, арнаулы орындарына отырысымен-ақ сахна шымылдығы жайлап ашыла бастады. Театр залы тым-тырыс, құлаққа үрген танадай болды.

Осы кезде өнерпаздар өздерінің орындаушылық шеберліктерін айтарлықтай көрсете білді. Олардың ішінде, әсіресе Жібектің роліндегі Күләштің жасаған образдары залда отырғандарды таңғалдырды, ерекше көзге түсті.

Сол күні театрға келген Антонина Васильевна Нежданова, Иван Михайлович Москвин, Константин Сергеевич Станиславский сияқты Совет Одағының ең көрнекті көркемөнер қайраткерлері Күләшті асқан өнерпаз деп бағалап, шын жүректерінен алғыстарын білдірді:

«Қазақ көркемөнерінің қадірлі өнерпазы – Күләштің сандуғаштай сайраған әсем үні маған үлкен әсер етті. Мен оған теңдес тамаша әншілерді

аздап қана атай аламын. Сондықтан да мен оны Қазақстанның ғана емес, бүкіл Совет Одағының мақтанышы деп есептеймін», – деп жазды Совет Одағының халық әртісі Валерия Владимировна Барсова.

Сонымен қатар, Күләшке армияның «Қарлығаш» деген лирикалық әнінің нотасы сыйлыққа тартылды. Сол ән Күләштің негізгі концерттік репертуарының бірі болды.

Қыз Жібек рөлін ойдағыдай орындаған Күләштің өте өнерпаздығы жөнінде «Правда» газеті: «Үлкен талант иесінің сахнадағы қимыл әрекеті, әсерлі әндері көрерменді тәнті етеді. Тыңдаушы қазақ тілін білмесе де, оқиғаның желісін, түйінді кезеңдерін толық түсінеді», – деп жазды.

Ән маржанын шашқандай,
Күй теңізі тасқандай.
Аялап Отан өсірген,
Мындаған қыз бен ұлым бар.
Отанымның бір гүлі,
Құс дауысты бұлбұлы,
Күләш сынды қызым бар, –

деп жүз жасаған Жамбыл да Күләштің бұлбұлдай сайраған тамаша сұлу үнін өзінің жалынды жырына қосқан болатын.

Күләштің көркемөнер майданындағы осындай күрделі еңбектерін партия мен Үкімет өте жоғары бағалап, Мәскеуге барған сапарында оған Совет Одағының халық әртісі деген құрметті атақ берді. Сонымен қатар Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Мәскеуден қайтқаннан кейінгі театр коллективінің дайындаған «Ер Тарғын» операсында Күләш хан қызы Ақжүністің рөлін де асқан шеберлікпен орындап, астана жұртшылығынан тағы да үлкен алғыс алды. Бұрынғы рөлдерде үнемі халыққа жағымды героиналардың образдарын жасауға әдеттенген ол, бұл жолы екі жүзді айлакер, мейірімсіз қатал хан қызы Ақжүністің образын мейлінше дұрыс көрсете білді.

Сахна шеберлігіне жыл сайын жаттығып, орындаушылық өнері өрістей түскен Күләш соңғы жылдар ішінде жарыққа шыққан Қазақстан композиторларының операларының қайсысында болса да өзіне тиісті рөлдерді үнемі жақсы орындап, халқының сый-құрметіне бөленіп отырды. Оның ішінде композиторлар: Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсындағы Ажардың рөлін орындауда тамаша талант иесі айтарлықтай табысқа жетті.

Композитор Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсындағы Сараның образын жасауда да теңіне қосыла алмай, өзінің сүйген жары үшін өмірімен біржола қош айтысып, жанын қиған арудың жан тебіrentкендей жайын жалынды жырмен үштастыра, үлкен бір трагедиялық оқиғаны шын мәнінде өте шеберлікпен орындап шықты. Осы «Біржан-Сара» операсындағы көрнекті еңбегі үшін Күләш Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алды.

Күләш тек қазақ операсының ғана шебері емес, ол ұлы орыс және Батыс Еуропа классиктерінің, сондай-ақ Совет Одағы халықтарының атақты композиторлары жазған талай операларда ойнап, өзінің асқан өнерпаздығын халыққа таныта білді. Мысалы, орыс композиторы – Чайковскийдің «Евгений

Онегин» операсындағы Татьянаның, итальян композиторы Пуччинидің «Чио-Чио-Сан» операсындағы Мадам Батгерфляйдің, әзірбайжан композиторы Магомаевтың «Нергиз» операсындағы Нергиздің, театр композиторы Жиғановтың «Алтыншаш» операсындағы Алтыншаштың, грузин композиторы Палиашвилидің «Даиси» операсындағы Мароның рөлдерінде орындау шеберлігін толық меңгеру дәрежесіне жетті.

Күләш бірыңғай опералық орындаушы ғана емес, ол әсем ән шебері. Оның концерттік репертуарында көптеген әндер бар. Күләштің шарықтата шырқаған сан алуан шаттық әндерін ауыл шаруашылығының түрлі салаларындағы жұмысшылар мен колхозшылар, Эмбанефтінің мұнайшылары, оңтүстіктің мақташылары, өнеркәсіптің үлгілі озаттары да өте сүйсіне тыңдады.

Күләш республикадан тыс, Одақ көлеміндегі Мәскеу, Ленинград, Киев сияқты ірі қалаларда, сондай-ақ шет мемлекеттерде де концерттер беріп, миллиондаған тыңдаушыларға қазақ музыкасын таныстыруда, сонымен қатар олардан үйреніп келген әндерін республика тұрғындарына таратуды да айтарлықтай жүзеге асырды.

1950 жылы Бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкілдүниежүзілік екінші конгресінде делегат болып, Варшаваға барған сапарында Күләш поляқтың «Қыз келеді» деген халық әнін үйреніп қайтты.

Қай елге, қай жерге барса да Күләш үлкен құрметпен, үнемі жақсы баға алып отырды.

1951 жылы өздерінің 30 жылдық мерекесімен байланысты Моңғол Халық Республикасы үкіметінің арнап шақыртуы бойынша бір топ совет әртістері Ұлан-Баторға барды. Олардың ішінде Күләш те болды. Ондағы опера және балет театрының сахнасында бұлбұлдай сайраған Күләштің мінсіз сұлу үні мен әсем әндері концертті тыңдаған моңғол тұрғындарына өте ұнады. Концерт аяқталғаннан кейін Моңғол халқының көсемі маршал Чойбалсан Күләшке Моңғолдың ұлттық костюмін сыйлыққа тартты.

Күләш көп жерлерді аралап, көп елдердің көркемөнерімен, мәдениетімен танысты. Өздерінің арнап шақыртуы бойынша Грузияның орталығы Тбилиси қаласында да болды. Ондағы опера және балет театрында қойылған композитор Палиашвилидің “Даиси” операсына қатынасып, Мароның ролін көңілдегідей орындап, үлкен абыройға ие болды.

1952 жылы жаз уақытында Күләш Қазақтың Құрманғазы атындағы халық музыка аспаптары оркестрімен бірге бірсыпыра ірі қалаларға барып, концерттер беріп жүрді. Оның осы сапарында концерттік репертуарында қазақ әндерінен басқа орыстың халық әні «Қоңырау», армянның халық әні «Қарлығаш», чехтің халық әні «Пастушок», беларусьтың халық әні «Жапанда өскен қызыл тал» сияқты әр халықтың әндері болды.

Партия мен Үкімет Күләштің көркемөнер саласындағы еңбектерін уақытында жоғары бағалап, құрметті атақтар берді. Ол Еңбек Қызыл Ту орденімен, Құрмет Белгісі орденімен және ең жоғарғы награда – Ленин орденімен наградталды, екі рет Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алды.

Күләш тек көркемөнер шебері ғана емес, сонымен қатар ол көрнекті қоғам қайраткері болды. 1938 жылдан бастап, өзі қайтыс болғанға дейін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып үзбей сайланып келді.

Бейбітшілікті қолдаудың Бүкілодақтық комитетінің мүшесі болған Күләш еліміздің қоғамдық өмірін өркендету ісіне үнемі белсенді қатысып отырды.

Міне, осындай қоғам қайраткері, қазақ көркемөнерінің асқан өнерпазы, Қазақстанның бұлбұлы атанған әйгілі Күләшті мейірімсіз ажал арамыздан алып кеткеніне қазір үш жылға айналды.

Күләшті әркімнің-ақ есіне алып, сырлы сөзбен жалынды жырына қосты.

Күләш көптеген өнерпаздардың өнерге ұмтылып, ілгері басуына үлкен еңбек етті. Күләштің өзі ортамызда болмаса да, оның әсерлі әні көкейімізден кетпейді.

Күләш Байсейітова, Пернебек Момынов «Қыз Жібек» операсындағы халық әндері «Гәкку», «Қаракөз», «Аққұм», «Жалбыр» операсында пайдаланылған ежелгі қайғылы ән «Елім-ай» және басқа көптеген халықтық әуендер бұл туындылардың көрермендер жүрегінен орын алуына көмектеседі.

Бұл алғашқы туындылар нағыз мағынадағы опералар емес-ті. Оларда музыка көнгі қара сөздермен алмасып келіп отырды. Алайда тамаша драматургиялық негізі және музыкалық көркемделуінің табыстылығы арқасында бұл спектакльдер көрермендер ықыласына бөленіп, театр репертуарында ұзақ тұрақтады.

«Қыз Жібек» ғажайып лирикалық поэмасы жаңа мазмұнға ие болып, қазіргі заман тілімен сөйледі. Жас сұлу Жібектің өмірлік жарын таңдау, махаббат үшін күрес жолындағы трагедиялық тағдыры көрермендерді толғанысқа бөледі. Өйткені поэма бұрынғы қазақ әйелінің, барлық еңбеккер қазақ халқының басынан кешкен өмірі жайлы әңгімелейтін еді.

Сүйкімді, жас Күләш Байсейітова нәзік те еркіндік сүйгіш қыздың жарқын, қайталанбас бейнесін жасап, Күләштің күміс те сыңғырлаған тамаша дауысы Жібектің музыкалық мінездемесіне айналған халық әні «Гәккуді» мәңгілік даңқ түбіріне көтерді.

* * *

Кеңес өнерінің атақты қайраткерлері шоғырында Кеңес Одағының халық әртісі Күләш Байсейітова алғашқы орындардың бірін иеленеді.

Күләш Байсейітоваға жиырма екі жасында Қазақ ССР еңбек сіңірген әртісі атағы берілді, ал жиырма төрт жасында ол ССРО халық әртісі болады.

Күләштің өнерге ешқандай музыкалық білімсіз: музыкалық мектеп, училище, консерватория дегендердің бірін де бітірмей келгендігін ескерсек, оның әртістік даңқының тез шарықтап шығуына таңғалмасқа болмайды.

Күләштің мектебі – Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары қазақ жастары жаппай ұйымдастыра бастаған көркемөнерпаздар үйірмесі болды.

Күләш Верный қаласында дүниеге келді – Қазақстанның астанасы Алматы бұрын солай аталған болатын. Кішкентай қыздың дауысы нәзік, музыкаға деген құмарлығы шексіз еді. Ол етікші болып істейтін әкесінің әндеріне мұқият құлақ қоя тыңдайтын. Балалық шағы қиыншылықта өтті. Отбасы жоқшылықтан көз ашпады. Күләш тіпті біраз уақыт жетім балалар үйінде тұруға тура келді.

Кеңес өкіметі орнады. Ол кедей етікші қызы Күләштің өмірін басқа арнаға салды – Күләш тәжірибелік-үлгілі мектепте, одан кейін институтта оқыды. Күләштің әкесі әнге қосатын қазақ халқының ежелгі арман елі Жерұйық орнағандай болды. Күләш оқушылар, одан кейін студенттер дайындайтын концерттерде ән шырқай бастады. Алайда кәсіби сахна жас қыз үшін орындалмайтын арман сияқты еді. Оқуын тастап, отбасын асырау үшін жұмысқа кіруге мәжбүр болды.

Дегенмен, өнердің тарту күші қызды жайына қойған жоқ, ол бар бос уақытын драмалық үйірме жұмысына арнады. Ойынын көргендер қызды театрға баруға үгіттеді, ақыры ол баруға шешім қабылдады.

Бұл 1929 жыл еді. Күләш театрда. Алғашқыда жалпы санатта, содан кейін шағын рөлдерге, орнын үйренуге арнау. Күләш әртістердің рөлге қалай дайындалатынын бақылайды, режиссер нұсқауларының қалай орындалғанын аңғарып отырады, өзіне ұнаған әйел рөлін бастан-аяқ жаттап алады. Сөйтіп, бір жолы ауырып қалған әртіс орнына тамаша ойнап кезге түседі де, басты рөлдерде ойнау құқығына ие болады. Ұзамай өзінің талантты әртіс екенін көрсетеді. Бәрі бір музыка мен ән оны еліктіреді де тұрады.

Музыкалық студияның тұңғыш спектаклінде («Айман-Шолпан») Күләш бас кейіпкер рөлін орындайды. Әншілік және драмалық дарыны Айман бейнесін табысты алып шығуға көмектеседі. Одан кейін «Қыз Жібек», «Жалбыр». Бұл спектакльдерде де қара сөз болғанымен, кәдімгідей операға ұқсайтын еді. Ал, Күләш әлі де бір опера көріп, опералық орындаушыны тыңдаған жоқ болатын. Бұл кезде ол қазақ әріптестерінің алғашқы тобында республиканың «Еңбек сіңірген әртісі» атағын алған-ды.

1936 жыл. Мәскеу. Қазақ өнері мен әдебиетінің онкүндігі. Нағыз опера өнерімен, ССРО Үлкен театрының үздік шеберлерімен танысу. Елдегі ең жақсы театр сахнасынан өнер көрсету. Ән айту шеберлігімен танысу. Мәскеу сапарынан кейін ол өзі жасаған бейнелерге басқаша көзбен қарайтын болды. Өзінің шығармашылығы нағыз өнерге айналуы үшін қаншама еңбектену қажет екенін, жасалды дегендерінің өзіне қаншама өзгерістер, түзетулер енгізу керектігіне көзі жетті.

Тынымсыз еңбек, жатпай-түрмай үйрену, іздену, қобалжу – осының бәрі оны шеберлік шыңына алып шықты. Табиғи таланты мен еңбекқорлығы қосылғанда оны ұлы әртіс атандырып, естен кетпес жарқын бейнелер сомдауына көмектесті. Актрисаның шығармашылық ауқымы кең, таланты көпқырлы. Ол жасаған бейнелер ішінде – нәзік Жібек, «Ер Тарғындағы» зұлым Ақжүніс, «Жалбырдағы» сүйкімді Қадиша, «Гвардия, алғадағы» батыл Сайра, «Айман-Шолпандағы» бірбеткей Айман, «Бекеттегі» табанды Зере, осы аттас әзірбайжан операсындағы лирикалық Нергиз, «Абай» операсындағы әсершіл

Ажар, «Біржан мен Сарадағы» ақын Сара, тағы басқа тамаша әйелдер бейнесі бар.

Күләш көп рөлде, әрбір жаңа операда ойнады. Оның лирикалық дарынының бояуы әрбір жасаған бейнесін ешкімге ұқсамайтын жеке-дара етіп шығаруға молынан жетіп жататын. Әрбір рөлде оның таланты жаңа бір қырынан жарқырап көрініп отырды. Өмірді білуі, туған халқы шығармашылығына жеткілікті оның шынайы да қайталанбас бейнелер жасауына көмектесті.

Ерекше әртістік сезімталдық оған орыс және шет ел классикалық операларда ойнағанда дұрыс шешім табуына жетекші бола білді. Оның Татьяна бейнесін жасауда қолданған әдістері актрисаның өзіндік ерекшелігінен туындаған дара сипаттарымен көз тартады, солай бола тұрса да бұл ұлы Пушкин зор сүйіспеншілікпен жырлаған кәдімгі сүйкімді Татьяна. Грузин қызы Маро (З. Палиашвили, «Даиси») мен сыпайы, аңғал Баттерфляй (Д. Пуччини, «Чио-Чио-Сан») бейнелері жоғары көркемдік шеберлікпен және шынайы жасалған. Бұған Күләш Байсейітованың Кеңес Одағы халықтарының тұрмысы мен мәдениетін, әсіресе орыс халқының мәдениетін тынымсыз зерттеп-білуі айтарлықтай көмектесті. Күләш еліміз халықтарының әндерін үйреніп, шебер орындаушыға айналды. Өнер саласындағы сіңірген еңбегі үшін оған 1936 жылы ССРО халық әртісі атағы берілді.

Отанымыздың астанасы Мәскеуде, Ленинградта, Киев пен Минскіде, Тбилиси мен Ригада, Қазан мен Ижевскіде әншінің өнер көрсетуі үнемі атағына лайықты екеніне әрдайым көз жеткізіп отырды.

Біздің республика еңбеккерлері Күләшті Қазақ опера және балет театрының сахнасынан немесе радиодан ғана емес, көпшілігі көзбе-көз көріп тыңдады. Әнші бүкіл республиканы аралап шықты: шақырлаған аяздар мен ыстық аптаптарда колхоздар мен совхоздар клубында, Мәдениет сарайлары сахнасында ол халық сүйіп тындайтын «Ақ қайың», «Гәкку», «Шилі өзен», «Қараторғай», «Бұлбұл», «Еліғай» т.б. әндерін шырқап жүрді.

Әншінің дауысы ешкімге ұқсамайтын терең иірім-қайырымдарға толы. Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің бірінші онкүндігі кезінде-ақ Үлкен театрдың атақты әншісі, ССРО халық әртісі Валерия Владимировна Барсова Күләш туралы: «Осы жас әншінің ғажап келбеті маған ұмытылмас әсер сыйлағанын атап айтқым келеді. Мен оны салыстыруға болатын әншіні атай алмас едім, – қазақ әншісінің биік, жеңіл де мөлдір дауысы соншалықты дара, ешкімге ұқсамайды. Бұл дауыстың күмістей сыңғыры шынында, құстың сайрағанын еске түсіреді, сондықтан да Күләш Байсейітованың «қазақ бұлбұлы» атануы мейлінше дәл табылған атау. Күләш Байсейітованың – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл кеңес өнерінің мақтанышы болуға лайық.»

*«Казахское оперное искусство». Алматы, 1963 //
Ауд.: Әсия Орынбаева. – 2004*